

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес қасбеттік керамикалық плитканы сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 11 мамырдағы № 49 шешімі

Кеден одағы Кеден кодексінің 52-бабының 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Плитканың сырт жағында ғимараттың қасбетіне бекітілген металл профилде орналасқан Г-тәріздес ілгектердің көмегімен орнатуға арналған зерленген немесе зерленбеген қасбеттік керамикалық плитка Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 6907 тауар позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян